| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Айтшы, ғарыш алыс па?"<br>**Міндеттері:** балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу (еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға машықтандыру. | **Дене тәрбиесі**<br>"Туған жер-тұғырың".<br>**Міндеттері:** балаларды допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру, нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі | **Музыка**<br>"Ғарыш әлемі".<br>**Міндеттері:** балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету. Музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретуді | **Дене тәрбиесі**<br>"Жер-ана құшағында".<br>**Міндеттері:** балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту | **Қазақ тілі**<br>«Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары.<br>**Міндеттері:** үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпақтар мен мазақтамалардың |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру мен қағып алу, еңбектеу мен өрмелеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын:ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту. | бағыттарда жүгіру техникаларын арттыру, оқу қызметін пысықтау. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігін дамыту. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | жалғастыру. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту. Музыканың басталуы мен аяқталуына, қарқыны мен сипатына сәйкес ырғақты қимылдар орындау. Балаларға арналған музыкалық аспаптарда (оркестрде) ырғақпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын меңгеруге ықпал ету. | және қимылдарды үйлестіруге баулу. Дене сапаларын:ептілікті дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді ересектің айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпақтар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнында жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту. |
| | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.** "Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойыны. **Мақсаты:** балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру, жиһаздардың қасиеттері мен қолдану аясы туралы мәліметтер беру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар** "Ғарышкерлердің жаттығулары". **Мақсаты:** балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны бірсу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; ғарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру. | **Құрастырудан ойын-жаттығулар** "Зымыран". **Мақсаты:** балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету, текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығулар** "Зымыран". **Мақсаты:** балаларды тіке жатқан қағаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету, қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар** "Ұшақ". **Мақсаты:** балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру. |
| **2-ші таңғы ас** | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау; орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау, тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету, аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Бөбекжайда, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 28 | **Картотека №** 31 | **Картотека №** 13 | **Картотека №** 29 | **Картотека №** 36 |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу.<br>Асты шашпай, төкпей іш,<br>Сораптамай, баппен іш.<br>Келген асты алдына<br>Таусып іш, қалдырма.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқышар жаттығулары.<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту.<br>3. "Құстар жем іздеп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудартy; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Ғарышкер" қимылды ойыны. (дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға баулу.<br>- Балалар, бүгін жаңа ойын ойнаймыз. Ойынымыз "Ғарышкер" деп аталады. Мен сендерді ойынның ережесімен таныстырамын, мұқият тыңдап алыңдар.<br>"Ғарышкер" ойынында педагог балаларды екі топқа бөледі. Екі топтың балалары екі жақта тұрып, педагогтің белгі беруі бойынша | **"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар. | **"Таныс пішіндер доминосы". (математика негіздері)**<br>**Мақсаты:** балалардың геометриялық пішіндер (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек) жайлы білімдерін бекіту, көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру; "көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Балаларға геометриялық | **"Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту. | **Жапсыру техникасын жетілдіру жаттығулары (жапсыру, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.<br>Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы қазақ ұлттық бұйымдардың бірін (кііз, кілем, көрпе, алаша |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тапсырмаларды орындаулары тиіс. Ғарышкердің әрекеттері туралы сөзбен айтамын (ғарышкер ауада қалқыды, ғарышкер аспанға ұшады, ғарышкер скафандр киеді, ғарышкер қолын бұлғайды) балалар сол қимылды қайталап отырады. Қай топтың балалары тапсырманы дұрыс орындайды, сол топ жеңген болып есептеледі.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>"Ұшақ ойыншығымен танысу".<br>**Мақсаты:** балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. | Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шөйнек. Бұның барлығы - ыдыстар.<br><br>**"Ұшты-ұшты" қимылды ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты - ұшты сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты - ұшты қарға ұшты!<br>(қол көтереді) | пішіндер салынған карточкаларды таратып беру. Бірінші карточканы үстелдің ортасына қоямын, қалған балалар соған сәйкес карточкаларды қояды, бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**Сюжетті-рөлді ойын.**<br>**«Балабақшаға хат келді».**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** диалогтік сөйлеуді дамыту, бір затпен бірнеше әрекеттерді орындауға үйрету.<br>Материалдар: жазу және вю<br>Ойын барысы: балаларға балабақшаға хат келгенін айтамын. Бұл хатта Алан оған посылка жіберуді сұрайды. Біз жібереміз бе? Содан кейін оған қонақүйлерді жинау керек. Балалардан Алан қандай қонақүйлерді жақсы көретінін анықтайды. Балалар Аланға арналған қонақ үй сөмкесін жинайды. Әрі қарай, балаларды ойын әрекеттеріне итермелеймін және ойын барысын бақылаймын. | **Музыкадан ойын-жаттығулар**<br>"Ғарыш әлемі".<br>**Мақсаты:** балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету, музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру, музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен баяу немесе ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету.<br>**«Зымыран»**<br>**Мақсаты:** балалардың ғарыш туралы түсініктерін кеңейту, байқоныр, ғарыш айлағы туралы мәлімет беру.Шығармашылық қабілеттерін арттыру. **(сурет салу)** | орамал) жасау. Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br><br>**"Лото" үстел үсті ойыны**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына, қоршаған заттарға қызығушылықтарын қалыптастыру. Ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге ынталандыру. Байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Зымыран".**<br>**Мақсаты:** ермексаз кесегінен шарды илеу, бағанды есу, шымшу амалдарын игерту.<br>**(мүсіндеу)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Машина»**<br>**Мақсаты:** құрлыс материалдарының негізгі бөліктері мен бөліктердің бөліктерін, түсімен шамасы бойынша ажыратуға үйрету.<br>**(құрастыру)** | **"Ғарышқа самғап ұшайық" саусақ жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру, қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. | Қимылды ойындар "Ұшақтар". Балалар ұшақтардың рөлін орындайды. Олар залдың әр жеріне тұрады.<br>«Ұшуға дайындал!» деген белгі берген кезде, балалар қолдарын қозғалтып, «ұшақты оталдырады». «Ұшамыз!» деген белгі берілгенде қолдарын алға созып, залды айналып шашырап жүгіреді. «Қонамыз!» деген белгі берілген кезде, ұшақтар тоқтайды, жерге қонады (балалар | «Қай пішінге ұқсайды?»<br>**Мақсаты:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру.<br>(таным) | **Сюжетті-рөлдік ойын:**<br>«Шаштараз»<br>**Мақсаты:** балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру)** |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Рахман, Нұраш | мұғалім | бір тізесін бүгіп отырады). Ойын 5-6 рет қайталанады. **(дене тәрбиесі)** Айнашөз | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету, ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 27 | **Картотека №** 24 | **Картотека №** 22 | **Картотека №** 17 | **Картотека №** 19 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киімдегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Психолог кеңесі. Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | Балаңыз туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу. «Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық акциясы. | Кеңес: "Неліктен бала тыңдамайды?" «Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық акциясы: көшеттерді отырғызу. | "Балаңыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу. «Табиғатқа қамқор боламыз» экологиялық акциясы. | "Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру. |

**Тәрбиешілер: Кенжебаева.А.А Есетова.Б.Б**
**Қазақ тілі маманы: Г.К.Аксисенова**
**Музыка жетекшісі: А.К.Сулейменова**

Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 10.04.26ж
Әдіскер: А.Ж.Жумагалиева

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
**Сәуір айы (3-апта)**

Білім беру ұйымы: «Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **13.04 - 17.04.2026 ж**
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

| Апта күндері | *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* | *Бейсенбі* | *Жұма* |
|---|---|---|---|---|---|
| | **13.04.2026ж** | **14.04.2026ж** | **15.04.2026ж** | **16.04.2026ж** | **17.04.2026ж** |
| **Апта дәйексөзі: «Еңбек бізді үш үлкен зұлымдықтан құтқарады: зерігу, азғындық, мұқтаждық». Вольтер** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Көңіл күй" **(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>Нейрожаттығу ойынымен балаларды қабылдау. **(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Көңіл күй" **(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Көңіл күй" **(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. **(музыка)** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Медбикеден кеңес. "Тазалық – денсаулық кепілі". | «Кітап калейдоскопы» атты сүйікті кітаптар көрмесі. | «Бір мультфильмнің орнына бір кітап оқу» челленджі. | «Кітап калейдоскопы» көрмесі: баламен бірге ойлап шығарылған ертегілер. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық,** | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Ас ішуге дайындық». **(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)** | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Бөлме өсімдіктерін суару». **(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». **(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік». **(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)** | Ұлттық сезім күні<br><br>**«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары:** Ұйымдастырылған оқу қызмет кезінде оқу құралдарын тарату |

1

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>**"Суретті құрастыр" жаттығуы.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі төсеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>**"Не (кім), қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.<br>Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.<br>Ат - шабады, жүреді, желіп жүреді, жортады, жатады, | тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Біздің айналамызда не бар?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдануға баулу.<br>Ойын барысы. Серуенде балалар айналасында бір бөлігі бар затты (шар, гүл, доп, үй, бақ), екі бөлігін (қоршау, бұталар, гүлдер, құм, шөп), үш бөлігін (әткеншек, веранда, қайың) іздейді. Әр жауап үшін бала жетон алады, ал жеңімпаз олардың санымен анықталады.<br><br>**Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары.**<br>**(сурет салу)**<br>**Мақсаты:** қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, | **Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу.<br><br>**"Ойыншықты алып кел" дамытушы ойыны.**<br>**(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** аталған ойыншықты кеңістікте тауып, алып келу тапсырмасын орындауға жаттықтыру. Ересектердің сөзін тыңдауды және түсінуді үйрету. Белсенді сөздік қорды ойыншықтарды атау арқылы байыту. Кеңістікті бағдарлауға баулу. Зейінді дамыту.<br>Құрал-жабдықтар. Ойыншықтар.<br><br>**Туған өлке туралы фотоальбомды қарастыру**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** суреттерді қарастырудан кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған | **Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br><br>**"Не қайда мекендейді?" ойыны.**<br>**(қоршаған ортамен танысу, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Сұраққа толық жауап беруді үйрету. Жануарлардың қоректері жайлы білімдерін толықтыру.<br><br>**"Құрастырғышпен ойын.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және құрылыс бөлшектерін бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Заттардың айырмашылықтары мен атауларын біліп, заттардың сапалары мен қасиеттерін тануды | және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.<br>**(еңбек дағдылары)**<br><br>**"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы.**<br>**(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.<br>Балалардан қайда болғанын сұрау.<br>Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу.<br>Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды.<br><br>**"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсаты:** тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: балаларға суреттерді таратамын, оларды қарастыруға және атауға шақырамын, содан кейін ""Ол |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr>
<td></td>
<td>аяндайды, секіреді.<br>Құрт - жорғалайды, жатады.<br>Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады.<br>Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады.<br>Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді.<br>Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды, сүйрейді.<br>Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді.<br>Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды, әндетеді.</td>
<td>дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау.</td>
<td>сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, жануарлары туралы қарапайым түсініктерді тиянақтау. Өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</td>
<td>жетілдіру.</td>
<td>не істеп жатыр?"" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)</td>
</tr>
<tr>
<td>Ертеңгілік жаттығу</td>
<td colspan="5">Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).<br>(дене тәрбиесі, музыка)<br>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>1.1. Балалар жалауларын оң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.<br>1.2. Бастапқы қалып.<br>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде.<br>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.<br>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.<br>3.1. Жерге шалқасынан жатып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.<br>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.<br>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.<br>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</td>
</tr>
<tr>
<td>Таңғы ас</td>
<td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Әдепті бала болайық,<br>Қолды сабынмен жуайық.<br>Жуып-жуып, алақай!<br>Таза болдық, балақай!</td>
</tr>
</table>



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырып.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып.<br>Тәбетін біз қайтеміз,<br>Тісін берсін қасқырдың. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық** | «Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Жастық дәурен" - Өскінбай Қалмамбетұлы (орындаған Мұрат Өскенбаев)<br>«Өнегелі»: Экология және қоршаған әлемге қамқорлық". Тақырыбы: "Бізді қоршаған жасыл әлем". Мақсаты: экологиялық тәрбиенің негіздерін қалау; заттардың қайта өңдеу тақырыбына көңіл аудару; тастанды заттардан музыкалық шулы аспаптармен ойнауды ұсыну. **Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру** | | | | |
| | **"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) сөздермен байыту.<br>Құралдар. Дорба, түрлі заттар немесе ойыншықтар.<br>Баланың жауабына мысал: Бұл доп. Доп домалақ. Доптың түсі көк. Доп домалайды. Доп - бұл ойыншық. | **Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Қол алысып, кәне біз,<br>Достасайық бәріміз<br>Айтарым бар сендерге,<br>Тез тұрыңдар шеңберге.<br>Қандай жақсы бір тұру,<br>Достарменен бір жүру!<br>Қандай жақсы дос болу. | **Шаттық шеңбері (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ ташын,<br>Қуанышым,шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | **«Әсерлермен бөлісу шеңбері» жаттығуы. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларды (белгілі оқиға, мереке, топтас, сурет, мультфильм, ертегіден) алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу. Достыққа тәрбиелеу. | **"Ағаш па әлде гүл ме?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** туған өлкенің кейбі өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді бекіту.<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің түрін тану және атауға .<br>Суреттерді қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту. |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Жер-Ананы қадірлейік!"<br>**Міндеттері:** балаларды екі | **Дене тәрбиесі**<br>"Талшықтай талшыбық".<br>**Міндеттері:** балаларда аркан | **Музыка**<br>"Аспан әлемі".<br>**Міндеттері:** музыкалық | **Дене тәрбиесі**<br>"Талшыбық".<br>**Міндеттері:** балалардың сап | **Қазақ тілі**<br>«Ақ қайың». Ағаштың құрылымы. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқпен секіруге (аяқтар алшақ) үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіру, лақтыруды орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; қимыл белсенділігін дамыту. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйретуді жалғастыру. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің даусына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, би қимылдарын орындау сапасын жақсарту. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. | түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік көлбеу тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру. Негізгі қимыл түрлерін орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | **Міндеттері:** қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қарым туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын ерекшелеуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету. |
| | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар**<br>"Теңдерді күтейік".<br>**Мақсаты:** балалардың екі тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыру және теңдестіру дағдыларын жетілдіру; саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұстастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, көз мөлшерін, ойлау қабілетін дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығулар**<br>"Құрақ көрпе".<br>**Мақсаты:** балаларды ұжым ортасында түрлі үшбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу амалдарына үйрету; үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыш ішін қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру.<br><br>**"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** етістіктерді келер және өткен шақта қолдану. | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.**<br>"Бір үзім нан".<br>**Мақсаты:** балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру. | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.**<br>"Мысық тақпағын жаттау".<br>**Мақсаты:** балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуға үйрету, үй жануарының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері жөнінде білімдерін жетілдіру. | **Мүсіндеуден ойын-жаттығулар**<br>"Шарбақ жанында жатқан доп'<br>**Мақсаты:** балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымда қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуыршақ ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.)<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта не істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.)<br>Диалог осы тәртіпте жүреді. | | | |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 6 | **Картотека №** 4 | **Картотека №** 33 | **Картотека №** 10 | **Картотека №** 8 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуді жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузыды жауып, шайнау, аузыды толтырып сөйлемеу.<br>Екі қоян отырып,<br>Сыр айтады жасырып.<br>Сұр қасқырдың тәбетін,<br>Берсе бізге асырып. | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тәбетін біз қайтеміз.<br>Тісін берсін қасқырдың.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ұйқыашар жаттығулары.<br>Керует жанындағы жаттығулар<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шық-шық» деп айту.<br>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.<br>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене тәрбиесі) | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** балаларды тез ойлауға тәрбиелеу.<br>- Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына, жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерінің суреттері тұр. Осы белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, суреттерді тезірек ажыратып алайық. Балалар, суреттерді тезірек қойып шығады.<br><br>**"Өрмекші" саусақ жаттығуы.**<br>**Мақсаты:** дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту. Балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің | **«Кішкентай құрылысшылар» көрмесі.**<br>**(құрастыру)**<br>**Мақсаты:** құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін қолдана білуді жетілдіру. Өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. Қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**Ұлттық ойын. Көтермек**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым | **"Заттардың өлшемдерін салыстыр" ойын-жаттығуы.**<br>**(математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Сөздік қорға қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.<br><br>**"Қалаға саяхат" үстел үсті ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** | **"Бір сөзбен ата" ойын-жаттығуы.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, ерекше белгілері бойынша жалпылауыш сөздермен байыту. Құралдар. Заттардың топтамалары бойынша сурет-карточкалар немесе ойыншықтар. Баланың жауабына мысал: Доп, пирамида, қуыршақ. Бұның барлығы - ойыншықтар. Кесе, тарелка, шәйнек. Бұның барлығы - ыдыстар.<br><br>**"Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** гүлдердің атауларын | **"Не істеген? Енді не істейді?" дидактикалық ойыны.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>Құралдар. Суреттер немесе ойыншықтар.<br>- Қуыршақ төсекте жатыр. Қуыршақ не істеген? (Қуырша ұйықтаған.) Қуыршақ не істейді? (Қуыршақ ұйықтайды.<br>- Доп қорапта жатыр. Доп қорапта не істеген? (Доп қорапта жатты.) Доп қорапта н істейді? (Доп қорапта жатады.)<br>- Машина жолда жүруде. Машина жолда не істеген? (Машина жолда жүрген.) Машина жолда не істейді? (Машина жолда жүреді.) Диалог осы тәртіппе жүреді.<br><br>**Мозаикамен ойын.**<br>**(математика негіздері,** |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ырғағына сай орындауға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Күні бойы еңбекпен (оң қолдың бас бармағы мен сол қолдың сұқ саусағының ұштарын түйістіреді, керісінше қайталайды (сол қолдың бас бармағы мен оң қолдың сұқ саусағы),<br>Өрмекші өрмек тоқиды (саусақтарын сыртылдатады),<br>Нөсер кенет селдеткен (оң алақанмен сол қол алақанын үстінен тез «сырғанап түседі),<br>Еңбегін оның жоқ қылды (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақандарына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді «күн» жасайды),<br>Күн шықты қайта жарқырап (екі қол алақандарын беттестіре жоғары көтеріп біресе оңға, біресе солға иіледі),<br>Құрғады тез-ақ төңірек (барлық саусақтардың ұштарын түйістіре, тез-тез кезектестіре бір-біріне соғады),<br>Өрмекші өрмек тоқуға<br>Кірісті, дереу, төңірек.<br><br>**Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары.**<br>**Балалардың өз қалаулары бойынша.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға машықтандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын | ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>Ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді.<br>Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен біргекүш сынасады.<br><br>**«Мысығым» тақпағын сахналау.**<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>**Мақсаты:** балаларға «Мысығым» тақпағын қызықты сахналауға, эмоционалды көңіл күйді білдіруге, сөздерді түсініп сөйлеуді, мәтіндегі таныс сөздерді айтуды, сюжет бойынша ым-ишара білдіруді; сұрақтарға жауап беруге тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: аудиожазба, ойыншық мысық. | **Мақсаты:** дидактикалық міндеті: балалардың туған қаласы туралы білімдерін бекіту: онда кімдер тұрады, еңбек етеді, қандай транспорт түрлері бар, қала қалай безендірілген.<br>Ойын ережесі: өз тобына тапсырмаларға сәйкес суреттерді таңдау: адамдар, көлік, еңбек, қаланы безендіру.<br>Ойын әрекеттері: суреттерді іздеу. Белгі бойынша әрекет ету.<br><br>**Сурет салу техникасын жетілдіру жаттығулары.**<br>**(сурет салу)**<br>**Мақсаты:** қазақ ою-өрнектерінің (балаларға таныс) қарапайым элементтерін қайталап салуға, қызыл, сары, жасыл, көк, қара түстерді қолдануға баулу. Сурет салу кезінде қарындашты (қылқаламды) қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйретуді жалғастыру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу; сурет салу ережелерін сақтауды қадағалау. | атау іскерліктерін жетілдіру.<br>- Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойынын ойнаймыз. Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Жеңген балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үлестіріледі.<br><br>**"Суретті құрастыр" жаттығуы.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** тұтас бейнені құрастыруда бөлшектерді орналастыру, бұрын алынған дағдылардың бірі тосеу дағдыларын дамыту. Қоршаған ортаны қабылдау, кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br><br>Кітап бұрышында: табиғат құбылыстары тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>**(коммуникативті дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі.)**<br>Өнер бұрышында бояу суреттерін бояту, жануарларды мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.<br>**(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу,** | **құрастыру)**<br>**Мақсаты:** балаларды ірі және ұсақ элементтерді жазықтықта орналастыруға машықтандыру.<br>Суретті (құрылысты) үлгі бойынша құрастыруға үйрету.<br>Геометриялық пішіндерді ажырата білуді бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br><br>**«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»**<br>**"Қасқыр мен лақтар" қазақ ұлттық ойыны.**<br>**(дене тәрбиесі)**<br>**Мақсаты:** қимылды ойындарға баулу, балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеңістікті бағдарлауға, белгілерге сәйкес әрекет етуге үйрету. Шапшаңдыққа баулу, ойынға қызығушылықтарын арттыру.<br>Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады Мынадай сөздерді қайталайды «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ, Кетосің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп».<br>Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады.<br>«Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. | | | **құрастыру)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **«Өлшеміне қарай сәйкестендір» үстел үсті ойыны.** **(математика негіздері)** **Мақсаты:** заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Балаларды заттарды берілген өлшем бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы көлемі) салыстыруға үйрету, бір затты екіншісімен салыстырып нәтижелерді салыстыруды дамыту. Қабылдау қабілетін, ойлау дағдыларын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Азамат пен Аружан | **"Нәркес" өлеңін жаттау.** **(қазақ тілі)** **Мақсаты:** балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу. Аманкалова Аружанға | «Таяқшадан аттап өт» **Мақсаты:** қимыл-қозғалыс үйлесімділігін және тепе-теңдік сақтау дағдыларын дамыту. **(дене тәрбиесі)** Рахман мен Мұрагер | Сурет салудан ойын-жаттығу "Гүлденген өрік бұтағы" **Мақсат:** балаларды көктемгі гүлдеген бұтаның бейнесін өз бетінше жасаған түстермен салу амалына үйрету. **(сурет салу)** Бекет Айнакөз | **«Досыма көмектесемін»** **Мақсаты:** өзара көмек көрсетуге, мейірімділік пен жауапкершілікке тәрбиелеу. **(әлеумет)** Мұрагерге |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)** Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, метық). «Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және | | | | |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузға алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 19 | **Картотека №** 17 | **Картотека №** 22 | **Картотека №** 24 | **Картотека №** 27 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруды жетілдіру, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету, сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағынын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Медбикеден кеңес.<br>"Тазалық – денсаулық кепілі". | Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуды ескерту. | "Бала қауіпсіздігі басты назарда" ата-аналармен кеңестер жүргізу. | "Отбасылық үлгі өнеге" ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру. |

**Тәрбиешілер:** Кенжебаева.А.А Есетова.Б.Б
**Қазақ тілі маманы:** **Г.К.Аксисенова**
**Музыка жетекшісі:** **А.К.Сулейменова**

Scanned with CamScanner

Тексерілген күні: 17.04.26ж
Әдіскер: А.Ж.Жумагалиева

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Сәуір айы (4-апта)**

Білім беру ұйымы: «Балбөбек» жеке бөбекжайы
Топ: «Күншуақ» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жастағы балалар
Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету):**20.04 - 24.04.2026 ж.**
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | **20.04.2026ж** | **21.04.2026ж** | **22.04.2026ж** | **23.04.2026ж** | **24.04.2026ж** |
| **Апта дәйексөзі: Еңбек жақсы атыңды шығарады, жалқаулық түзу жолдан тайдырады. (мақал)** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>Сәлемдесу<br>Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен айласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саясын.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу.<br>"Көңіл күй"<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу.<br>Сәлемдесу<br>Сәлем, күнім!<br>Сәлем, жер!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, ел!<br>"Сәлем" деймін әрқашан,<br>Арайлы, балабақшам!<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br>«Ақ тілек» шаттық шеңбері.<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>Барлығы шеңбер құрып тұрады, мәтінді бірге қайталады.<br>Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу.<br>**(тіл дамыту және көркем әдебиет, музыка)** | **Таңғы сүзгі:** балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.<br><br>«Күй күмбірі»<br>Күймен балаларды қарсы алу.<br>**(музыка)** |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | "Отбасылық салт-дәстүр" атты тақырыпта инстаграмға бейнежазба челленджі. | "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер. | "Ата-әжемен бірге" фотосуреттер көрмесін ұйымдастыру. | «Әжемнің ертегілері» шығармашылық жобасы: "Әжем ертегі айтады" аудио ертегілер челленджі. | "Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. |



Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталды қ, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Ас ішуге дайындық». **(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне-өзі құрмет көрсету)** **Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға баулу. Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға (қасықтарды тарелка жанына салуға, сүлгі салғышты үстел ортасына қоюға) баулу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.<br><br>**"Қонжықтың күн тәртібі" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі)** **Мақсаты:** қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауға баулу: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Күн тәртібін бекіту. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру. Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту.<br><br>**"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Мақсаты:** түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Бөлме өсімдіктерін суару». **(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай) суаруға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру)** **Мақсаты:** балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, ал балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Егер олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез-келген қимылды таңдауға болады), ол жерде өспесе, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және т.б..<br><br>**Ұсақ және ірі бөлшектерден құрылыс ойындары.** | **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». **(қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу)** **Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға, қолданып болған соң ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу. Тәрбиешіге көмек көрсету ниеттерін қолдау, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br><br>**"Не қайда орналасқан?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)** **Мақсаты:** зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану. Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, оң-сол. Балалардың ойлау қабілеттерін, тілдің грамматикалық құрылымын жетілдіру.<br><br>**Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай". (дене тәрбиесі, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсаты:** балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту. Жаңа | **«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары:** «Асханадағы көмекшілер». **(қоршаған әлеммен таныстыру)** Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру.<br><br>**"Мен қайда қандай болдым?" жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)** **Мақсаты:** балалардың өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалау тәсілдерін дамыту; алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға, ересектермен диалог құруға үйрету. Балалардан қайда болғанын сұрау. Қандай ойынды ойнағанын, күн тәртібінде балабақшада, үйде не істегенін сұрау; ойынды, әрекетті атауға көмектесу. Ойнағанда бала қандай болғанын сұрау. Мысалы, көңілді, қуанышты; жылдам, шапшаң, баяу; әдепті, ақылды болды.<br><br>**"Таныс пішіндер доминосы". (математика негіздері)** **Мақсаты:** балалардың геометриялық пішіндер (үшбұрыш, шаршы, дөңгелек) жайлы білімдерін бекіту; көру | Ұлттық сезім күні **«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары:** «Шкаф ішін тәртіпке келтірейік». **(қоршаған әлеммен таныстыру, өзіне өзі қызмет көрсету)** **Мақсаты:** қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, заттарды орнына жинауға (ілмекке ілуге, сөреге салуға) баулу. Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br><br>**"Ағаш па әлде гүл ме?" дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)** **Мақсаты:** туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді бекіту. Ағаштардың, дала гүлдерінің түрін тану және атауға . Суреттерді қарастыруда балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Балалардың ой-өрісін кеңейту, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>**Қиылған суреттермен ойындар «Әңгіменің кейіпкерлерін жина» (құрастыру, тіл және көркем әдебиет)** **Мақсаты:** балаларды ересекпен бірге ойынға қатысуға, қарапайым ертегілерді ойнап көрсетуге, олардың кейіпкерлерінің жеке |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті жапырақшалар тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша да, формасы бойынша да сәйкес келетін гүл табады. | **Балалардың өз қалаулары бойынша.**<br>**(құрастыру, қоршаған әлеммен таныстыру)**<br>**Мақсаты:** құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап және ойдан құрастыруға машықтандыру. Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындауға үйрету. Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін бекіту. Сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.<br>Материалдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру. | өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>Жас қарағай<br>Жас балдай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов | тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру; "көп", "бір" ұғымдары туралы түсініктерді бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Балаларға геометриялық пішіндер салынған карточкаларды таратып беру.<br>Жүргізуші бірінші карточканы үстелдің ортасына қояды, қалған балалар соған сәйкес карточкаларды қояды, бейнеленген пішінді атайды.<br>Ойын осылай жалғаса береді. | диалогтарын және эмоционалды образын жеткізуге үйрету.<br>Таныма ертегілерді ойнап көрсетуге қызығушылық пен ынтаны қалыптастыру.<br>Балалармен кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау. Жай схемалар мен сурет үлгілерін пайдалана отырып, заттарды қию, қосу сияқты тәсілдермен өз бетінше конструкциялар жасауға мүмкіндік беру. Қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау қабілетін және ойлау дағдыларын дамыту. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Жалпы дамытушы жаттығу.**<br>**(дене тәрбиесі, музыка)**<br>**"Зырылдауық" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br>**"Тізені шапалақтау" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>**1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.**<br>**3-4- бастапқы қалыпқа келу.**<br>**"Сипаттаймыз" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br>**"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>- 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау. | | | | |

Scanned with CamScanner

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">- 3-4- бастапқы қалыпқа келу.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Гигиеналық дағдылар<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Қыршақ, қыршақ,<br>Таза суға жуынсақ,<br>Қол ұстасып, дос болып,<br>Бақ ішінде қыдырсақ.<br><br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу.<br>Сиқырлы гой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық</td><td colspan="5">«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.<br>"Күй күмбірі": "Бес төре - Тәттімбет (орындаған Білал Ысқақов)<br>«Өнегелі»: Түрлі халықтардың мәдениеті. Тақырыбы: "Мәдениеттер әлемі". Мақсаты: балалардың қоршаған адамдарға ізгі ниет, достық қасиеттерін қалыптастыру; қазақ халық салтының бірімен таныстыру, қазақ халық ойынын ойнату.<br>Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру</td></tr>
<tr><td>Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Жарық болсын күніміз,<br>Жарқын болсын үніміз.<br>Елін сүйіп ер жетер,<br>Біз болашақ гүліміз.</td><td>Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ таңың,</td><td>Сабақ (көктемгі баубақша) туралы иллюстрацияны қарастыру.<br>(тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)<br>Мақсаты: суреттерді, заттарды қарастыруда, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруге ынталандыру. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.</td><td>«Күн және түн» дидактикалық ойыны.<br>(математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру)<br>Мақсаты: уақытты бағдарлауды үйрету. Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Туған өлкенің кейбір жануарлары туралы түсініктерді тиянақтау.– Түнгі аспанды не жарық қылып тұрады? (Ай.)<br>– Ал, күндіз не жарық қылып тұрады? (Күн.)<br>Адамдардың, балалардың, жан-жануардың күндіз және түнде немен айналысатынын анықтау.</td><td>Шаттық шеңбері<br>(қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)<br>Мақсаты: балаларда әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу: балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару. Сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдануға үйрету. Балаларға эмоционалды жағымды ахуалда бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, достыққа тәрбиелеу.<br>Алтын таңның шуағы,<br>Бақыт үшін туады.<br>Қайырлы таң, қонақтарым,<br>Жарық күннің тұрағы!</td></tr>
</table>

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қуанышын, шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн! | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>"Талшыбықтай майысып".<br>**Міндеттері:** балаларды шеңбердегі өз орнын табу (бағдары бойынша) дағдыларын қалыптастыру; еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; ептілікті дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | **Дене тәрбиесі**<br>"Достық күндей жарқырайды"<br>**Міндеттері:** балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, еңбектеуді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, қарапайым ережелерді сақтауға баулу. | **Музыка**<br>"Туған ел".<br>**Міндеттері:** музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстарды жетілдіру. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру. Ойын ережесін сақтап ойнауға үйрету. Шулы музыкалық аспаптарда (қоңырау, сылдырмақ, маракас) ырғақты ойнай білуге үйретуді жалғастыру. | **Дене тәрбиесі**<br>"Достық шеңберінде".<br>**Міндеттері:** балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Негізгі қимыл түрлері: жүру, жүгіру, секіруді орындаудың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту. Қарапайым ережелерді сақтауға баулу. Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. | **Қазақ тілі**<br>Бұл менің Отаным. Қазақстан.<br>**Міндеттері:** қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің атауын жатқа білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, есте сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауын дамыту. |
| | **Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар.**<br>"Жер мен су" әңгімесін оқып беру.<br>**Мақсаты:** балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығулар**<br>"Әртүрлі арықтар".<br>**Мақсаты:** балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау. | **Мүсіндеу техникаларын жетілдіру жаттығулары (мүсіндеу, қазақ тілі)**<br>**Мақсаты:** өзіне ұнаған қазақ халқының әшекей бұйымдарының (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар) бірін, (есу, жаю, бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру) мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, мүсіндеу, оларды таяқшамен | **Сурет салудан ойын-жаттығулар**<br>"Гүлденген баубақша".<br>**Мақсаты:** балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жапқалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар**<br>"Ағаштар мен бұталар".<br>**Мақсаты:** балалардың ағаштар мен бұталар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бейнелеу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. | амалына жаттықтыру. | және зейіні мен байқампаздығын дамыту. |
| **2-ші таңғы ас** | Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, дербес әрекет)**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуге және шешінуге үйрету; аяқ киімдер жұптарын дұрыс киюді үйрету; ересектің көмегіне жүгінуге, ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу; ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ауа-райының жағдайын анықтау (суық, жылы, ыстық).<br>«Қауіпсіздік». Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ескертулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау), ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды аузына алмау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. | | | | |
| **Серуен** | **Картотека №** 26 | **Картотека №** 12 | **Картотека №** 7 | **Картотека №** 32 | **Картотека №** 25 |
| **Серуеннен оралу** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: өз шкафын белгі бойынша тауып алып, белгілі реттілікпен (жүйелі) киінуді және шешінуді, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыруді жетілдіру; ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге баулу.<br>Тамақтанар алдында (серуеннен оралғанда) қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын жетілдіру.<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйретуды жалғастыру.<br>«Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Түскі ас** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын бекіту: ас ішу құралдарын (ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны) орнымен қолдануға баулу, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты аузды жауып, шайнау, аузды толтырып сөйлемеу.<br>Сиқырлы гой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жай.<br>Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды.<br>«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене тәрбиесі)**<br>Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру.<br>Ашулы мысық; (тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас** | Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
